

**Тыңайтқыштардың құнын (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда)
субсидиялау туралы**

Күшін жойған

Қызылорда облыстық әкімдігінің 2014 жылғы 10 шілдедегі N 639 қаулысы.
Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 11 шілдеде N 4724
болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облыстық әкімдігінің 29.12.2014 N
806 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облыстық әкімдігінің 29.12.2014 N 806
қаулысымен .**

«Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік
реттеу туралы» 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына
және «Тыңайтқыштардың құнын (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда)
субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2014 жылғы 29 мамырдағы № 574 қаулысына сәйкес Қызылорда облысының
әкімдігі **Қ А У Л Ы** **Е Т Е Д І :**

1. Осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес субсидияланатын тыңайтқыш
түрлері және өндірушілер сатқан тыңайтқыштардың 1 тоннасына арналған
с у б с и д и я н о р м а л а р ы ;

осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес субсидияланатын тыңайтқыш түрлері
және тыңайтқыш жеткізушіден және (немесе) шетелдік тыңайтқыш
өндірушілерден сатып алынған тыңайтқыштардың 1 тоннасына арналған
с у б с и д и я н о р м а л а р ы б е л г і л е н с і н .

2. «Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы басқармасы» мемлекеттік
мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын шараларды
қ а б ы л д а с ы н .

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің
орынбасары С.С. Қожаниязовқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн
өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі К Е Л І С І Л Д І Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі _____ А. Мамытбеков 2014 жылғы «11» шілде	Қ. Көшербаев
--	-----------------

Субсидияланатын тыңайтқыш түрлері және өндірушілер сатқан тыңайтқыштардың 1 тоннасына арналған субсидия нормалары

р/с	Субсидияланатын тыңайтқыштардың түрлері	Өлшем бірлігі	Бір өлшем бірлігінің құнын арзандату пайызы	Бір бірлікке арналған субсидия нормасы, теңге
1	Аммиак селитрасы (N-34,4%)	тонна	49,9	28 842
2	Аммофос (N-10%, P ₂ O ₅ -46%)	тонна	49,9	44 910
3	Фосфорит ұны (P ₂ O ₅ -17%)	тонна	49,9	8 193
4	Жай суперфосфат (P ₂ O ₅ -19%)	тонна	49,9	24 451
5	Аммоний сульфаты (N-21%)	тонна	49,9	22 569
6	Байытылған суперфосфат (P ₂ O ₅ -21,5%)	тонна	49,9	15 968
7	Супрефос-NS (N-12%, P ₂ O ₅ -24%)+(Ca;Mg;SO ₃)	тонна	49,9	44 910
8	«Б» маркалы «МЭРС» микротыңайтқышы	литр	49,9	5 988

Е с к е р т у :
N – а з о т ;
P₂ O₅ – ф о с ф о р .

Субсидияланатын тыңайтқыш түрлері және тыңайтқыш жеткізушіден және (немесе) шетелдік тыңайтқыш өндірушілерден сатып алынған тыңайтқыштардың 1 тоннасына арналған субсидия нормалары

р/с	Субсидияланатын тыңайтқыштардың түрлері	Өлшем бірлігі	Бір өлшем бірлігінің құнын арзандату пайызы	Бір бірлікке арналған субсидия нормасы, теңге
1	Карбамид (N-46,3%)	тонна	29,9	25 415

2	Аммоний сульфаты (N-21%)	тонна	29,9	10 465
3	Нитроаммофоска (N-15%, P-15%, K-15%)	тонна	29,9	29 900
4	Аммоний сульфаты (Капролактамы) (N-21%,)	тонна	29,9	11 577
5	КАС (калий аммиак селитрасы) N-27-33%	литр	29,9	14,95

Е с к е р т у :

N – а з о т ;

P – ф о с ф о р ;

K – к а л и й .

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК